

**Автор:****Пән:** Қазақ тілі**Сынып:** 5 класс**Бөлім:** Қазақстандағы жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі**Тақырып:** Қызғалдақты сақтайық! 1-сабақ

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.1.1 -тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау. 5.4.4.1 - мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау.
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: тақырыпты тірек сөздер арқылы болжайды. Көбісі: тақырып бойынша қажет мәліметтерді жинақтайды. Кейбіреуі: мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасайды.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: түрлі тапсырмаларда сын есімді дұрыс әрі орынды қолдана алады. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: талас, көпжылдық, хош иісті, жұпар Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: хош иісті, жұпар шашады, қызғалдақтың Отаны
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар тірек сөздер арқылы сабақтың тақырыбын болжай алады. Жаңа сөздермен сөз тіркестері мен сөйлемдер құрай алады. Сын есімдерді қатыстыра отырып кластерді толтырады. Мәтін құрай біледі.
Бағалау критерийлері:	Жаңа сөздермен сөз тіркестері мен сөйлемдер құру; Тақырып бойынша мәліметтер жинау; Мәліметтер жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау.
Құндылықтарды дарыту:	Табиғатты аялау, сақтау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	жаратылыстану
Бастапқы білім:	Қызыл кітап.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	1.Сәлемдесу. Оқушылармен амандасып, түгендеу. 2.« Ыстық алақан » тренингін өткізу. Оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айтып, сәттілік тілейді. 3.« Ыстық орындық » әдісі. Өткен тақырып бойынша сұрақтар қою. «Қызыл кітап» деген не? Алғашқы «Қызыл кітап» қай жылы шықты? «Қазақстанның Қызыл кітабы» қай жылы жазылды? «Қазақстанның Қызыл кітабында» қанша өсімдік тіркелген? «Қазақстанның Қызыл кітабында» қанша құс тіркелген? Қазақ жеріндегі қандай жануарлар «Қызыл кітапқа» тіркелген? 4. «Қара жәшік» әдісі. Қара жәшіктің ішінде қызғалдақ суреті. Тірек сөздер арқылы тақырыпты ашу. Тірек сөздер: су құю, 8 наурыз, әдемі зат, көктем, әдемі.	Орындық Қара жәшік

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (27 минут)	<p>1.«Пирамида» әдісі. Жаңа сөздермен сөз тіркесін, сөйлемдер құру Талас-спор, көпжылдық-многолетнее</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> -жаңа сөздерді қолданып сөз тіркесін құрайды; -сөз тіркестерімен сөйлемдер құрайды. <p>2.Оқушыларға қызғалдақ жайлы қызық деректер көрсету.</p> <p>3.«Кластер» әдісі. 54-бет, 3-тапсырма. «Қызғалдақ» тақырыбына диаграмма жаса.</p> <p>4.«Еркін жазу» стратегиясы. 54-бет, 2-тапсырма. Қазақстан картасын қара. Ондағы жер-су атауларына назар аудар. Сол атаулар мен төмендегі сөз тіркестерін пайдаланып, «Таңғажайып Қазақстан» тақырыбына шағын мәтін құрап жаз. Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> -сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді; -сөз тіркестерін пайдаланып шағын мәтін құрайды. 	<p>Сөздік, дәптер</p> <p>https://youtu.be/PBwX_s2-mgs</p> <p>Кластер</p> <p>Қазақстан картасы Оқулық</p>
Сабақтың соңы (3 минут)	<p>Кері байланыс «3-2-1» стратегиясы</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Бүгінгі сабақтан алған 3 маңызды ақпарат; 2.Бүгінгі сабақта қиындық тудырған 2 аспекті; 3.Бүгінгі сабақта ұнаған 1 іс-әрекет. 	
Рефлексия (5)	<p>Рефлексиялық түстер</p> <p>Қызыл түс- мен түсіндім</p> <p>Көк түс-мен үйрендім</p> <p>Сары-қиындық тудырды</p> <p>Бағалау</p> <p>Үй жұмысын беру.</p>	<p>Қызыл, көк. сары түсті қағаздар</p>
Қысқа мерзімді жоспар "Қызғалдақты сақтайық!" (12.15)	<p>Бұл қысқа мерзімді сабақ жоспары қазақ тілін орыс тілінде оқытылатын 5-сыныптарға арналған.</p>	